

Хаттама № 1

«Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» педагогикалық Кеңесінің мәжілісі

20 шілде 2021 жыл

Қатысқандар: педагогикалық Кеңес мүшелері 14 адам

Ата-аналар комитетінің төрағасы: 1 адам

Жиналыс бастығы: Адылбекова А.А

Хатшысы: Ерменова А.А

Күн тәртібі

1. Өздік аттестаттаудан өткізу туралы.

Тындалды

Адылбекова А.А. балабақша меңгерушісінің л.у.а.

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 Қаулысымен бекітілген және 2013 жылғы 19 маусымдағы № 635 Қаулысымен өзгеріс енгізілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы Ережесіне» сәйкес және Шығыс Қазақстан облысы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды өткізудің бекітілген кестесі негізінде «ШҚО білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылғы қыркүйек айында біздің балабақшаны аттестациядан өткізеді. Аттестатауға бір ай мерзім қалғанда өздік аттестаттау материалдарын бақылау департаментіне өткізуіміз керек. Аттестатцияға дайындық жұмыстарын бастауымыз керек. Өздік аттестаттау шарасын жүргізуіміз қажет. Ол үшін арнайы комиссия құрылады. Мен бұл комиссияның құрамына мына адамдарды ұсынамын:

Балабақша меңгерушісінің л.у.а А.А Адылбекова.; әдіскер Т.М.Кайшентаева.; кәсіподақ ұйымының төрағасы К.К Нургазина.; тәрбиеші Тукушова Л.К.; тәрбиеші Рустемова Ш.Т

Сөйледі:

Т.М Кайшентаева -әдіскер

- Біздің балабақшаның аттестациядан өтетін уақыты келді. Сондықтан соңғы 4 жылда істеген істеріміздің нәтижесін көрсетуіміз керек. Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының құрамына ұсынылған адамдарды қолдаймын. Комиссия мүшелеріне балабақшадағы барлық оқу-тәрбие істерін қорытындылап жазып шығу керек.

Тәрбиеші Л.К Тукушова

- Соңғы 4 жыл бойы балабақшамыз өзгеріп, біршама жұмыстар атқарылды. Мектепке дейінгі ұйымның жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қалыптастырып

тәрбиелеуде атқарылған жұмыстарымызды көрсетейік. Аттестациядан өтуіміз керек. Ол үшін әрбір педагог соңғы төрт жылғы іс-тәжірибелерін жинақтау қажет.

Нургазина К.К кәсіподақ ұйымының төрайымы.

- Өздік аттестаттау комиссиясының жұмысына көмектесуіміз қажет. Өздік аттестаттау «Білім туралы» заңда және Үкімет қаулысымен бекітілгендіктен оның материалдарын жан-жақты жазып өзімізді көрсетуіміз керек. Әрбір педагог барлық іске жауапкершілікпен қарауға шақырамын.

Қаулы:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 Қаулысымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы Ережесіне» сәйкес 2021 жылы қыркүйек айында «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» мемлекеттік аттестаттаудан өтетіні назарға алынсын.

2. Балабақшада өздік аттестаттау комиссиясы құрылсын.

3. Өздік аттестаттау комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін:

Комиссия төрағасы:	Адылбекова А.А - балабақша меңгерушісінің л.у.а
Орынбасары:	Кайшентаева Т.М - әдіскер
Мүшелері:	Тукушова Л.К - тәрбиеші
	Нургазина К.К - кәсіподақ ұйымының төрайымы
	Рустемова Ш.Т - тәрбиеші

Жиналыс төрағасы:  Адылбекова А.А

Хатшы:  Ерменова А.А

